

***Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ***

***Асхана тағамдарының сапасына тексеру жүргізу нәтижесі бойынша АНЫҚТАМА***


*Қаңтар, 2026 ж.*

Қысқы маусым кезеңінде оқушылардың дұрыс және дәруменге бай тағаммен қамтылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында балаларды тамақпен қамтамасыз ету ережелерін бекіту туралы» 2018 жылы 31 қазандағы 109 тармақша 3 бөлім 2 тарау №598 бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес мектепшілік бұйрыққа сәйкес құрылған мониторингтік топ 2026 жылдың қаңтар айында асханаға жоспарлы тексеру жүргізді.


Азық-түлік қоймасында өнімдердің дұрыс сақталуы, жарамдылық мерзімі, тоңазытқыштардың жұмыс істеу жағдайы мен тазалығы, сонымен қатар балалардың асқа келу саны осы тексеру барысында қаралды. Тағам мәзірінде дәрумендерге бай өнімдердің жеткілікті болуы, қыс мезгіліне сай құрылған Білім басқармасының бекіткен мәзірінің орындалуы, мен сапасы да назардан тыс қалған жоқ.

Нәтижесінде тағам сапасы санитарлық нормаларға толық сәйкес екені анықталды. Оқушыларға ұсынылған тағамдар дәмді, жаңа дайындалған, порция көлемі талапқа сай, жас ерекшеліктеріне қарай салынып жатқандығы байқалды. Асхана қызметкерлері санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жұмыс жасауда. Бракераж журналы уақытымен толтырылған.

***Ұсыныс:*** Қыс мезгілінде оқушылардың иммунитетін нығайту мақсатында дәруменге бай өнімдердің мөлшерін азайтпау ұсынылады.



Galaxy S21 FE 5G



Galaxy S21 FE 5G



Galaxy S21 FE 5G



Galaxy S21 FE 5G




Galaxy S21 FE 5G



Galaxy S21 FE 5G



Galaxy S21 FE 5G



Galaxy S21 FE 5G